БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Н ТУЫ

ОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

март Жұма | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

**Барлық колхоздар мен совхоздарда және МТС-терде көктемгі егіске әзірлікті тексеру — аса маңызды іс. Жергілікті партия, совет ұйымдары әрбір колхоз, совхоз бен МТС-тің көктемгі егіске әзірлігінің өзара тексерілуін үлгілі ұйымдастырып, тексеріс кезінде байқалған кемшіліктердің дереу жойылуын, сөйтіп, әрбір шаруашылықтың егіс жұмыстарына әзірлікті тыңғылықты аяқтауын қамтамасыз етуге міндетті.**

## ксеру—

н зер сала тексерулері еуден өткен әрбір трак-лканы, культиваторды да саймандарды барлық ексеруге міндетті. Әрбір құралдар осы . бастан қосалқы бөлшектері йылуға тиіс. Соңымен н совхоздарда жанар, уақытында тасып алу, дрларын даярлау, трак-гадаларын нығайту мә-көңіл бөлу керек.

гададағы ең басты тұл-рактор және егіс брига-ирі қызметіне қолынан ды тағайындау, оларды ет. Сол сияқты, көк-әрбір тракторшыны, п алып, оларды өздері-лайық жұмысқа жіберу ірге, әрбір трактор ермен, тіркеушілермен, анар майын тасушылар-мтамасыз етілуге тиіс. ексеру жөніндегі комис-ере де айырықша назар

нияларының ең басты —әрбір колхоз бен сов-МТС-тің көктемгі

# Малды бағып, күтуді озаттарша ұйымдастырайық!

★

## Жауапсыздықтың салдары

Преснов ауданындағы Калинин атындағы колхозда (председателі Б. Шоқанаев жолдас) малды күтуде және азықтандыруда қатаң тәртіп жоқ. Колхоз басшылары малға жемшөптің нормаға сай берілуін талап етпейді және бақыламайды. Бұл жағдай жемшөптің нормадан артық жұмсалып, ысырап болуына әкеліп соғып жүр.

Бұған дәлел келтірейік. Осы жылдың өткен екі айы ішінде ғана 7 мың центнерге жуық жемшөп жоспардан артық жұмсалды, ысырап болды. Жоспар бойынша 20 февральға дейін 12 мың центнер жұмсалмаған шөп қалуға тиіс еді. Бірақ, кәзір колхозда 5 мың центнердей ғана мал азығы бар. Бұл жемшөп малға үнеммен бергеннің өзінде 20 мартқа дейін ғана жетеді. Осы жемшөптің өзі далада, ол мал қоралары жанына тасылып алынған жоқ. Бүкіл қыс бойына дерлік малға жемшөп күнбе-күн тасылып әкеліп беріліп келеді.

Осының салдарынан мал уақытылы азықтандырылмайды, кейбір күндері тіпті ... Кәзір

★

## ЗОР ТАБЫС, ИГІЛІКТІ ІС

ПОЛУДЕНЬ. (Өз тілшімізден). Тельман атындағы колхоздың мүшелері өткен жылы мал өсірудің үшжылдық жоспарын орындау, мал қыстатуға үлгілі әзірлену жөнінде тамаша еңбек етті. Колхозда өткен жылдың сентябрь айында жоспар 5 түліктен де толық орындалды.

Колхоздың мұндай табысқа жетуі мал фермасындағы колхозшылардың өздеріне жүктелген жұмысты сүйе істеп, жанаямай еңбек етулерінің нәтижесі. Ферма малдары тек алынған төл есебінен және малды шығынға ұшыратпаудан өсіп келеді. Антон Гацейбилер аға шопан болып 5 жылдан бері істеп келеді. Ол жыл сайын жаңа табысқа жетуде. Өткен жылы ол 100 саулықтан 147 қозы алып, шығынсыз өсірді. Кәзір жоспардан тыс 137 қой артық өсіріліп келеді. Шопандар бригадасына қосымша ақыға 43 қой, Гацейбилерге 29 қой берілді.

Шошқа күтушілер Фаст және А. Швеглер әрбір мегежіннен 16 торай алып, шығынсыз өсірген. Бұл екеуіне қосымша ақыға 8 торай берілді. Сауыншы Х. Кельборм өткен жылы 11 сиырдан 11 бұзау алып, әрбір сиырдан ...

... оңтүстік жағына орналастырылған. Қоралардың маңына орнатылған көрсеткіш тақтасында өткен жылғы табыстар түгел әрі толық көрсетілген. Оның қатарында құрмет тақтасы тұр, онда алдыңғы қатарлылардың суреттері ілініп, олардың табыстары жазулы.

Кеңеске қатысушылардың өте-мөте көңіл бөліп, өз колхоздарында да сондай тәртіп орнатпақ болған мәселесі сол — әр фермада социалистік жарыстың қорытындысы жазылып отыратын көрсеткіш тақтасы бар. Колхоз басқармасының мәжлісінде бекітілген жұмыс тәртібі барлық фермада да көрнекті жерде ілулі тұр. Жұмыс тәртібінде малдарды қай уақытта суару, азықтандыру, қораларды тазалау, сиырларды сауу сағаттары көрсетілген. Фермалардағы жұмыс таңертеңгі сағат 6-да басталады. Сиыр тұратын қора әрі жылы, әрі жарық, онда әр сиырдың тұрған жерінде сиырдың аты, түсі жазылған, сиырдың қай сауыншыға бекітілгендігін де осы арадан білуге болады.

Фермада қызыл мүйіс бар. Бұл — мал өсірушілер арасындағы саяси-бұқаралық ...

★

ЕГІСКЕ ӘЗІРЛІК

## Біздің әзірлігіміз

Бізде егіс жұмыстары түгелге жуы машина күшімен атқарылады. Демек көктемгі егісті қысқа мерзімде агротехникалық талапқа сай өткізу еңалдыме трактор паркінің өнімді және үздіксі жұмыс істеуіне байланысты.

Совхоз коллективі тракторлар мен ті кеу саймандарын жөндеуді ойдағыда жүргізіп келеді. Олар көктемгі егіс тыңғылықты әзірлену жөніндегі социалистік жарысты кеңінен өрістете отыры бүгінге дейін жұмыстың мұндай маңы ды саласында едәуір табыстарға жет 5 мартқа дейін жөнделуге тиісті трактордан 40 трактор толық жөндел болды. Осы сияқты, 58 сеялка, 77 пл және 730 тырма да толық жөндеуден өт Кәзір механизаторларымыз жөндеу ж мысын таяу күндердің ішінде ту аяқтау үшін жанаямай еңбек етіп ж тыр.

Жұмыстың бұл саласында үздік еңб етіп жүрген механизаторлар бар. Егін барлық көлемінен мол өнім алу жолы дағы күрестің озаттары жөнінде сөз б ғанда совхоз коммунистерінің игілі іст ерекше назар аударады. Шынында коммунистердің басым көпшілігі тракт жөндеуде, егіске тұқым әзірлеуде, егіс алаңға қар тоқтатуда, тыңайтқыш зат жыйнауда тікелей жұмыс істеп ж Булардың қай-қайсысы болсын өні еңбек етіп үздік табыстарға жет

ліктің таяу күндердің ішінде әрбір колхоз, совхоз және МТС бойынша тексерілуін, оның ұйымдасқан түрде өтуін қамтамасыз етуге міндетті. Өзара егіске әзірлігі тексерілмеген бірде-бір колхоз, совхоз және бірде-бір МТС болмауға тиіс.

МТС-тің және колхоздар мен совхоздардың көктемгі егіске әзірлігін тексеретін комиссиялардың жүргізетін ісі өте-мөте күрделі. Бұл комиссиялар колхоздың, совхоздың немесе МТС-тің егіске әзірлігін жұмыстың түр-түрі бойынша терең және жан- жақты талдап тексеруге, әрбір жұмысқа сапасына қарай баға беруге тиіс. Мұнымен қабат, егіске әзірліктегі кемшіліктерді де батыл ашып, оны дереу жоюдың, пайдаланылмай жатқан күш-мүмкіншіліктер болса, оны іске толық қосудың тиісті шараларын белгілеу, оларды жұртшылық шешіміне ұсыну қажет.

Көктемгі -жазғы дала жұмыстарының барлығы дерлік трактор күшімен атқарылады. Сондықтан әрбір МТС-тің көктемгі егіске әзірлігін тексерудің маңызы өте зор. Арнаулы комиссиялар дала жұмыстары басталғанға дейін тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеу жөніндегі жоспардың орындалуын, әсресе, бұл жұмиялық шараларды жүзеге асыру, көктем кезінде егістік алаңға қар суын бөгеу және тағы басқа да агротехникалық шараларды жүзеге асыру жөнінде істелген және істелінетін жұмыстарды тексеріп, қорытуы керек.

Социалистік егін шаруашылығының еңбекшілері арасында саяси- бұқаралық жұмыстары ойдағыдай жүргізілсе, егіс жұмыстарының мерзімінен бұрын және сапалы аяқталуы қамтамасыз етілетіні сөзсіз. Сондықтан партия, совет ұйымдары бұл жұмысқа ерекше көңіл бөліп, үгіт -бұқаралық жұмыстарын шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізуге жетісуге тиіс. Ауыл -селодағы оқу үйлері, кітапханалар, қызыл мүйістер егіс кезінде үздіксіз жұмыс істеуге әзір болсын.

Барлық колхоздар мен совхоздарда және МТС-терде көктемгі егіске әзірлікті тексеру—аса маңызды іс. Жергілікті партия, совет ұiымдары әрбір колхоз, совхоз бен МТС-тің көктемгі егіске әзірлігінің өзара тексерілуін үлгілі ұйымдастырып, тексеріс кезінде байқалған кемшіліктердің дереу жойылуын, сөйтіп, әрбір шаруашылықтың егіс жұмыстарына әзірлікті тыңғылықты аяқтауын қамтамасыз етуге міндетті.

## В. И. Ленин Шығармаларының XXVI томы азербайжан тілінде

БАКУ. 18 март. (СОТА). Азербайжан Мемлекеттік баспасы В. И. Ленин Шығармаларының XXVI-томын азербайжан тіліне аударып, басып шығарды.

Кітапты орыс тілінен аударған БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы Маркс-Энгельс-Ленин институтының азербайжан филиалы.

## И. В. Сталин Шығармаларының қырғыз тілінде басылып шығуы

ФРУНЗЕ, 18 март. (СОТА). Қырғызстанның Мемлекеттік баспасы И. В. Сталиннің «Анархизм бе, әлде социализм бе?» және «Орталық Комитеттің БК(б)П XIV-съезіндегі саяси есебі» деген еңбектерін қырғыз тіліне аударып, дербес кітап етіп басып шығарды.

Бұл Шығармаларды орыс тілінен аударған Қырғызстан К(б)П Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институты—БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы Маркс-Энгельс-Ленин институтының қырғыз филиалы.

### И. В. СТАЛИННІҢ ЖЕКЕ ШЫҒАРМАЛАРЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

Қазақстан Мемлекеттік баспасы И. В Сталиннің «Социал-демократия ұлт мәселесін қалай түсінеді?» деген шығармасын қазақ тілінде басып шығарды. Бұл кітап көптеген тиражбен шығарылды.

---

...социалистік жарысты кеңінен өрістетеотырып, соңғы кезде мал қыстатуды біраз жақсартты. Малды бағып, күту ісінде қыстың бас кезінде болған кемшіліктерді біртіндеп жоюға жетісті.

Осының нәтижесінде малдың қоңы барған сайын артып келеді. Колхозшылар малды уақытылы жайлайды. Мал тәулігіне екі -үш рет суарылады.

Рас, өткен жылы бұл колхозда мал азығын дайындау жоспары толық орындалмады. Осыған қарамастан, колхозшылар қолда бар жемшөпті ұқыппен жұмсап, малды азықтан тарықтырмай келеді. Кәзір, малшылар барлық күш-мүмкіншілікті пайдаланып, малды қыстан шығынсыз алып шығу жолында жанқиярлықпен еңбек етіп жүр.

**Е. ЕСКЕНДІРОВ.**

---

...қармасы М. Даубты бұзау күтуге жіберді. Мал өсірушілердің аудандық кеңесінде М. Дауб өзінің қарамағындағы бұзауларды қыстан күйлі және шығынсыз шығаруға серт берді.

Кәзір озат мал өсіруші бұзау күтуде жанаямай еңбек етіп жүр. Ол қыс басынан бері өзіне бекітіліп берілген бұзауларды жақсы күтімде ұстап келеді. Олардың барлығының дерлік күйі жақсы, шығынға ұшырағаны немесе жүдегені жоқ.

Бұзаушының қарамағында 50-ден аса бұзау бар. М. Дауб бұлардың әрқайсысын күнбе-күн жеке-жеке күтіп, азықтандырады. Әрбір бұзауға үш мезгіл жылытып су береді.

Есейген бұзаулар бір бөлек, жаңа туған бұзаулар бір бөлек күтіледі. Үлгілі

жасайтын ... ларға ол ... береді. Бұ... ге үйрете... ған құнар...

М. Дауб... сында өт... тандырып... ды. Әрбір ... сүтті нор...

Ауырға ... бұзаулард... ды да, те... Даубты м... үшін ере...

**Мамлют... колхоз.**

---

# СТАЛИНДІК СЫЙЛЫҚТЫ...



Қ. ҚУАНЫШПАЕВ — Қазақ ССР-нің халық артисі

Қ. О. БАДЫРОВ — Қазақ ССР-нің халық артисі

Р.Р. ҚОЙШЫБАЕВА — Қазақ ССР-нің халық арт...

Сталиндік сыйлық Қазақтың Академиялық драма театрында қойыл...

## ...ының жауыздық ...йым салынсын

...нан бактерио
..., Кореяда жә
...иясын тоқта-
...ериологиялык
...ы қатаң жа
... Дүние жүзі-
...периалистері-
... қағатынды-
...ні, туысқан,
... бірге бола-

...ахановшысы

...ың бактерио-
...қарсы Алма-
...ның ызалы
... өте қы-
...еңбекпен шұ-
...ың өнімдері
...лады. Біздің
...ия елдеріне
... отыр. Біз
... түрендерін
...шылық кү-
...лық Қытай-
...лпына кел-
...өмір құруы-
...зды мақтан

...не жіберіп
... жіберуде.
...ың бейнесі
... жалмауыз-

...ң адамзатка
...ііне карсы
...алықтардын
...луде. Бұл
... басқа со-
... каһарлы

...рі ретінде
...гіш адамдар
...н. Бакте-
...уды талап
...ейбіт қала-

тырылған жәндіктер тастаушылардың бар лығын да халық сотына жауапқа тартуды талап етемін.

Мен біздің коллективті қырағылықты күшейтуге, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің сенімді тірегі—Советтік Социалистік мемлекетіміздің экономикасын онан сайын нығайта беру үшін жанқиярлықпен қажырлы еңбек етуге шақырамын.

Қалалық емхананың бас дәрігері Екатерина Цой жалынды сөз сөйледі.

—Біздің наразылық үніміз өз елінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін қаһармандықпен күрес жүргізіп жатқан миллиондаған корейліктер мен қытайлықтардың ержүректілігінен шыққан үндеріне ұласатын болсын.

Бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетінің мүшесі жазушы Сәбит Мұқанов сөз сөйледі.

— Американ империалистері, — деді ол,—бұрын болып көрмеген зұлымдықтарын онан әрі жүргізе алмайды. Бүкіл прогресшіл адамзат Американың бактериологиялық қару колдануына карсы наразылық білдіруде. Бейбітшілік жолындағы, Корея мен Қытайда агрессиялық соғысты тоқтату жолындағы қозғалысты жеңімпаз, қуатты Совет Одағы бастап отыр.

Бейбітшілікті қорғаудың Республикалық Комитетінің мүшесі, медицина ғылымының докторы, профессор И. Қарақұлов өзінің сөзінде митингке қатысушыларды советтік Отанымыздың қуатын нығайту үшін жанқиярлықпен еңбек етуге шақырды.

Митингте қара металлургия цехынын мастері Алексей Макеев және комсомолка инженер-конструктор Сима Басс сөз сөйледі.

Митингке қатысушылар қабылдаған қарарда Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің бактериологиялық соғысты дереу тоқтатуды талап еткен Үндеуі бір-...



Дәрі-дәрмек дайындайтын облыстық лаборатория облысымыздың дәрігерлік орындарына емдеу құралдары жөнінен жыл сайын ойдағыдай көмек көрсетіп отырады.

СУРЕТТЕ: сұйық дәрілерді ыдыстарға бөліп құюшы, лаборатория қызметкері **В. Бежина** жолдас. Ол өзінің тапсырмасын ай сайын екі есе артығымен орындайды.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## Таяудағы күндерде

Пионерлер үйінде 26 марттан 29 мартқа дейін балалар көркемөнер дарындыларының байқауы өткізіледі. Сонымен бірге 26 мартта «Ән күні» өткізіледі. Оған қала мектептерінің барлық хор үйірмелері қатысады.

25 мартта 10 класс оқушылары үшін «Кім болу керек» деген тақырыпта кеш өткізіледі. Кеште оқушылар қаладағы таңдаулы адамдармен, оқытушылармен, дәрігерлермен кездеседі.

Пионерлер үйі балалар ...

# Кореядағы оқиғалар

### ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 18 март. (СОТА). Корей-Халық Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін былай деп хабарлады: майдандарда елеулі өзгеріс болған жоқ. Жеке участоктерде жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізілді.

Кеше Шығыс майданда дұшпан Халық армиясы әскерлерінің қорғаныс шебінің алдыңғы шебін артиллериядан жанталаса атқылап, әуеден бомба тастады, сөйтіп, атака жасауға тырысты. Алайда, дұшпан адам күші мен техника жағынан елеулі шығындарға ұшыратылып, кейін қуылып тасталды.

Бүгін жау самолетін атқыш самолеттер майдан мен тылда дұшпанның үш самолетін атып түсірді.

### ЖАПОН ӘСКЕРЛЕРІНІҢ КОРЕЯДАҒЫ АМЕРИКАН АВАНТЮРАСЫНА ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ

ШАНХАЙ, 19 март. (СОТА). Токиодан алынған хабарларға қарағанда, жапон топтарында жапондық шенсіз министр Окадзакидің Риджуэй штабының беделді бір офицеріне шақырылғандығы мәлім болды. Ол офицер әңгімесінде Кореядағы соғыс қыймылдары қайталанатын және Жапонияға өзінің соғыс күштерін Кореяға жөнелту жөнінде ұсыныс жасалатынын мәлімдеді. Бұл үшін Құрама Штаттар Жапонияның Біріккен Ұлттар Ұйымына кіру жөніндегі арызын колдайды.

Офицер Индо- Қытайдағы жағдайды елеулі деп бағалай келіп, егер Құрама Штаттар Индо-Қытайдағы соғыска қатысатын болса, Жапонияға да бұл соғыска қатысу үшін өзінің қарулы күштерін Индо Қытайға жіберу жөнінде ұсыныс жасалады деп атап көрсетті.

Сонымен қатар, 10 январьда Канагава префектурасындағы Курикамада орналасқан резервтегі полицейлік корпустің Кюсю аралына көшу сылтауымен Кореяға жіберілгендігі мәлім болды.

### ЗАҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ -ДЕМОКРАТТАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АССОЦИАЦИЯСЫ КОМИССИЯСЫНЫҢ КОРЕЯДАН ЖҮРІП КЕТУІ

ПЕКИН, 19 март. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Пхеньяннан былай деп хабарлады:

16 мартта, өз жұмысын аяқтағаннан кейін, заң қызметкерлері -демократтардың Халықаралық ассоциациясы Комиссиясы Кореядан жүріп кетті. Ол американдықтардың аюандықтарын зерттеуге келген болатын. Комиссия Кореяда болған кезде оны Корей Халықтық- Демократиялық Республикасының үкметі және халкы ойдағыдай карсы алды.

Комиссия өзінің жұмысын Пхеньян ауданында жүргізді. Онда ол американдардың бактериологиялық қаруды қолдану жөніндегі көптеген фактілерін ашты. Төрт топқа бөлініп жұмыс істеген комиссия 9 марттан 14 мартқа дейін қалалар мен селоларда орынсыз бомбалаудың және бейбіт халықты жаппай қырудың, сол сияқты, американ агрессорларының Оңтүстік Пхенан, Хванхэ, Қанвон және Солтүстік Пхенан провинцияларында ула... дырғыш газдар мен бактериологиял... қаруды қолдану фактілерін ашты.

### ТУНИСТЕГІ ЖАҒДАЙ

